

Әдеби эссе жазады.	Тақырып мазмұнын ашу шектеулі, жанрлық ерекшелікті сақтамайды.	қателер жібереді. Тақырыптың мазмұнын, жанрлық ерекшелікті біршама сақтап әдеби эссе жазады.	жібереді. Тақырыптың мазмұнын толық ашып, жанрлық ерекшелікті сақтап әдеби эссе жазады.
--------------------	--	--	---

Қорытындылай келгенде, бағалау, салыстыру дағдысын дамытуға бағытталған осындай үлгідегі оқу тапсырмалары оқушылардың жазылым дағдысына қатысты қиындықтарды еңсеруге көмектесе отырып, өз ойын дәлелді мысалдармен талдап, бейнелі, көркем жеткізуге көмектеседі. Бұл оқу тапсырмалары оқу үрдісін, жұмыс түрлерін тиімді басқаруды, сонымен қатар өз оқуын табандылықпен жалғастыруды, оқудың ұзақ кезеңінде ықыласты болуды және оқудың мақсаттары мен міндеттерін сын тұрғысынан ойлап, күтілетін нәтижеге жетуді қамтамасыз етеді. Ал оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып, шығармашылығын дамыту мақсатында тапсырмалар жүйесін ұсыну - өмір талабы.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығымен бекітілген) Негізгі орта білім беру деңгейінің «Қазақ әдебиеті» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы. 2022.-1042 б.
2. Пит Дадли. Lesson Study: теориясы мен қолдану тәсілдері. Астана, 2013ж.-64 б. Эссе жазу бойынша әдістемелік құрал (қазақ тілі мен әдебиеті). ҚРБҒМ, Ұлттық тестілеу орталығы. 2019.-18 б.

#### Серікпай Әлима

Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 2-курс магистранты  
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
[alima.syzdykova@bk.ru](mailto:alima.syzdykova@bk.ru)

*Ғылыми жетекші:*  
*Рахимов Б.С., ф.ғ.д., профессор*

### ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақ халқының рухани байлығының бір саласы – халық поэзиясы. Бұл пікірді қазақ елін аралап, құнды қазыналарымызды жинақтаған шетелдік ғалымдар да айтқан. 1770 жылы жарық көрген орыс саяхатшысы-географ Н.П.Рычковтың «Күнделік жазбалары» мен П.С.Палластың «Путешествия по разным провинциям Российского государства» деп аталатын еңбектерінде қазақ халқының поэзиясы туралы пікірлер қалдырылған. Нақты дәлел ретінде А.Левшиннің «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» еңбегін атауға болады. Дәл осы еңбекте А.И.Левшин қазақ өлеңдерін батырлық тарихи жырлар, тұрмыс-салт жырлары лирикалық өлеңдер ретінде жіктеген [1; 136-138]. Қазақ халық өлеңдеріне қатысты П.Распаковтың [2], А.Диваевтың [3], М.В.Готовицкийдің еңбектері 1889 жылы жарыққа шыққан «О характере киргизских песен» атты еңбегіне тоқтала кеткен жөн. Себебі, осы еңбекте қазақ өлеңдерінің мазмұн-мағынасына қарай эпикалық, лирикалық және драмалық өлеңдер ретінде бөлген. Өзінің ескертуінде бұлай бөлуін төмендегіше түсіндірген: «Лирикалық өлеңдер табиғатты сипаттап, сүйіскен жастардың жолығысқан жерін, олардың айырылысуы мен аһ ұрған өлеңдерден құралған. Барлық шығыс поэзиясы секілді қазақ өлеңдерінде де теңеудің атқаратын рөлі ерекше. Бірақ, бұл парсы поэзиясындағыдай орынды-орынсыз тықпалап, шектен шыға қолданылатын метафораға ұқсамайды. Қайта, қазақ өлеңдерінің ерекше белгісі – оның ешбір боямасыз, қарапайымдылығында», - [4; 70-80] екендігін ерекшелік түскен екен. Қазақ өлеңдерінің жиналу ісіне араласқан ғалымдар тақырыптық, түр мен текке бөлулерді қалыс қалдырмаған. Айталық, Т.А.Сейдалиев және С.А.Жантөрин жинақтауларымен қарастырған 1872 жылы

Орынбор қаласында басылған «Образцы киргизской поэзии» атты кітапта да бұл жағдайды ұшыраттық [5; 250-294].

Қазақ халқының поэзиясына ерекше үңіліп, өзінің «Түркі руларының халық әдебиеті нұсқаларының» бір томдығын қазақ ауыз әдебиеті үлгілеріне арнаған академик В.В.Радлов та өзі жинақтаған халқымыздың тұрмыс-салт жырларын және өлеңдерді «Үлгі сөз», «Бата сөз», «Ұзатылған қыздың өлеңі», «Жоқтаған жыр», «Қайым өлең», «Бақсының сөзі», «Қара өлең» деп бірнеше топтарға бөлген [6; 7-17].

Қазақ халық поэзиясының тектері мен түрлеріне қатысты алғаш назар аударып, мүмкіндігі жеткенше жан-жақты талдаулар жасаған халқымыздың дарынды тұлғасы Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов болатын. Ол қазақ халық өлеңдерінің суырыпсалма жырау, жыршы, ақындар, сал-серілер тарапынан шығып, тез арада қазақтың кең байтақ даласына тарайтындығын түсіндіреді. Аталған өнерпаздар халық өлеңдерін қобыз, домбырамен орындайтындығын баяндайды. Бертіндегі суырыпсалма ақындар көбіне домбырамен айтатын болғанын ескертеді. Қазақтың халық аспаптарын айта келе: «Домбыра мен жаңама өлеңдер, ескі жырлар мен қобызды ығыстырып тастады. Қырда қазір мынандай поэзияның түрлері бар» [7; 164-165], - деп, қазақ халық өлеңдерін бес түрге жіктейді. Жыр, жылау-жоқтау өлеңі, қайым өлең, қара өлең, өлең дей отырып, әрқайсына жекелей тоқталады. Бұл бір жағынан текке қатысты екендігі де түсінікті. Әйтсе де бұл қазақ халық өлеңдері туралы алғашқы тек пен түрге қатысты жіктеу жөніндегі талпыныс. Кейінге ой салып, халық поэзиясы туралы таным мен түсінікке жол салған алғашқы ғылыми бастама еді.

Қай халықтың болсын сөз өнері өзінің тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі арқылы көрінетіндігін ғылым әлдеқашан дәлелдеген. Одан халықтың өткен өмірі, дүниеге деген көзқарасы танылады. Қазақтың ауыз әдебиетінде халқымыздың өткендегі тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрып салтына қатысты туып, үздіксіз айтылған шығармалар өте көп екендігін негізгі оқулықтарда естен шығармайды [8; 38-39]. Ең басты тұрмыс-салтқа қатысты туған шығармалардың бірнеше түрлері барлығын ескертіп, ең бастылары төмендегілер деген ұйғарым қазақ фольклортану ғылымында ХХ ғасырдың 40 жылдарынан бастап орныққан еді:

1. Төрт-түлік мал, еңбек-кәсіпшіл жайындағы өлеңдер.
2. Үйлену салтына қатысты өлеңдер.
3. Діни ұғымға байланысты туған өлеңдер.
4. Көңіл-күйін білдіретін өлеңдер.

Бұлар негізгілері екендігі ерекшеленген. Аталған тұрмыс-салт өлеңдерінің іштей бірнеше түрлерге жіктелетіндігі ғылым дамуы арқылы ажыратылып, дәлелді деректермен түсіндіріліп келеді [9]. Осы бағытта тұрмыс-салт өлеңдері туралы Ш.Уәлихановтан басталған ой-пікірлер Абай және оның шәкірттері, Ы.Алтынсарин оқулықтары мен Мәшһүр-Жүсіп және тағы басқалар еңбектерінде жинақтау, жариялау және азды-көпті пікірлер айтуларымен түйінделіп келген. Кеңестік кезеңде назарға алынбаған айтулы ақын, дарынды ғалым, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов болатын. Бүгінде жалпы жұртқа белгілі Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегі тұтастай алғанда мазмұны 15 тараудан тұрады. Олар мыналар: «Арнау», «Көрнек өнерінің тараулары», «Сөз өнері», «Шығарма сөз», «Мазмұн түрлері», «Сөз өнерінің ғылымы», «Тіл қисыны», «Сөз талғау», «Тіл әуездігі», «Өлең шығару», «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі», «Қара сөз», «Дарынды сөз», «Жазу әдебиеті» мен «Ауыз әдебиеті» болып шыққан.

Осы аталып отырған еңбегінде А.Байтұрсынов жалпы әдебиет туралы таным-түсінігін өнерден бастайды. Өнердің түрлерін: сәулет өнері, сымбат өнері, кескін өнері, әуез өнері, сөз өнері деп таратады. Сөйтіп келіп: «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мәтелі бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан» [9; 138], - дейді. Сонымен қатар, біздің тақырыбымызға қатысты ғалымның «Әдебиет танытқыштағы» орын алған ауыз әдебиетіне байланысты «Сауықтама» және «Сарындама» деп жіктеуін айтуға тура келеді. Сауықтама туралы ғалым кеңірек тоқталып кеткен. Ал, «Сарындамасы» біздің қазіргі түсінігіміз бойынша ғұрып фольклоры екендігін фольклортанушы

Б.Абылқасымов бізден бұрын айтып, жан-жақты түсіндіріп берді [10; 10-11]. «Салт сөз» тарауында Ахмет Байтұрсынов өзінің анықтамасын беріп, оған жататындар: мысалдар, ділмәр сөздер, тақпақтар, мақал-мәтелдерді дәлел ретінде келтірген [9; 246]. Ал бұдан әрі «Ғұрып сөзі» тарауында, ғұрып бойынша істелетін істерге байлаулы сөздерді – ғұрып сөзі дей отырып, олардың қатарына: той бастар, жар-жар, беташар, неке қияр, жарапазан, және т.б. жатқызған.

Бүгінде мектептен басталып, жоғарғы оқу орындарындағы филология факультетінде өтілетін «Қазақ халық ауыз әдебиеті» пәнінің алғашқы кіріспесінен кейінгі жалғастығы «Тұрмыс-салт жырларынан» басталатыны мәлім. Жалпы қазақ халқының өлең туралы таным-түсінігі, сөз өнеріндегі өлеңнің алатын орнына қатысты ой-пікірлер дәл осы тараудан таратылады. Тұрмыс-салт жырларын бүгінгі фольклортану ғылымында «Отбасы-ғұрып фольклоры», «Әлпештесу өлеңдері», «Сәбилік салт өлеңдері» және т.б. жіктеулер жасалғаны мәлім. Бұдан да басқа тұрмыс-салт жырларынан діни ұғымдарға қатысты өлеңдерді тақырыптық, жанрлық жіктеулерге келгенде «діни өлеңдер», «емшілік өлеңдер», «халықтың ескілікті наным-сенім өлеңдері» деген жіктеулер жасалған. Осындай бөліністер мен жіктеулерге қатысты жазылған Б.Абылқасымов еңбегі екендігін түсіндік. Себебі, ғалым А.Байтұрсыновтың «жын шақыруы» сөзсіз «Бақсы сарыны» екендігін, «кұрт шақыруы» қолданыстағы оқулық [9; 63] бойынша берілген арбау өлеңдері болса, «дерт көшіруі» бәдіктің орнына қолданылғаны анық. Қазіргі фольклортану ғылымында А.Байтұрсыновтың еңбегіндегі кейбір терминдер аталса, біразы кездеспейтіні анық. Белгілі бір жанрды анықтап, нақтылау кезінде анықтамалар жасалатыны аян. Бұл мәселеде А.Байтұрсынов ғылыми терминдік қолданыстан гөрі, жалпы ұғымды тереңдей түсіндіруді көздеген деген орынды. Кей зерттеушілер: «А.Байтұрсынов айтқан терминдердің бәрін әдебиет теориясына енгіземіз бе?», - деген ой-пікірлерін айтып қалатыны бар. Біздіңше дарынды ғалым А.Байтұрсынов өзінің еңбегінде терминдік атау мен анықтамалар беруді мақсат тұтқан. Ғылыми зерттеулер нәтижесі ортақ атауын нақтылауы тиіс екендігін түсіндірген. Дәл осы мәселеге байланысты талас тудырып, мүлде қисынсыз айтылған дейтіндер де болуы мүмкін. Сондықтан тағы да қисынға жүгінейік.

1923 жылы жарық көрген А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі «ауыз әдебиеті ұғымы қазіргі кезеңде кезінде ауызша айтылып, авторы сақталып қалған ақын-жыраулар шығармашылығына қатысты фольклорлық дәстүр тұрғысынан қолданылады. Ал ғылымда «фольклорды – авторы белгісіз халық ауыз әдебиеті» деген түсінік қалыптасқандығы талас тудырмайтыны түсінікті. Бір анығы Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегі қазақтың фольклортану ғылымының қалыптасып, дамуына айтарлықтай үлес қоса алғандығы талас тудырмайды. Сөздің дәлелін аталған ғылымнан кейінгі және тәуелсіздіктен кейінгі қазақ фольклортану ғылымы дәлелдеп келе жатқандығы анық. Халық поэзиясын тектері мен түрлері де сол пікірдің дәлелді жауабын береді.

Халық поэзиясын жинап, жариялап, жүйелеумен айналысқан ғалымдардың бәрі де тек пен түрге жіктеуге талпынған. Бүгінгі таңда халық поэзиясының тектері тұрмыс-салт жырлары, халық лирикасы, нақыл-өсиет өлеңдері, эпикалық жырлар, мысал өлеңдер, драмалқ өлеңдер, балалардың ойын өлеңдері болып ерекшеленеді. Бұл аталған тектер бірнеше түрлерге жіктеледі. Кейде осының бәрін жанр ретінде түсіндірілетіні бар [11; 108-111]. Жалпы халық поэзиясын түр-түрге бөліп, жіктеу ісі негізінен жинақтау ісімен байланысты екендігін атадық. Жинақтау бойынша халық өлеңдерін классификациялау ісі жалғасқан. Бұл мәселеде әр ғалым өзінің таным-түсінігін мазмұнға жүгінумен ерекшелеген. Сөзіміздің дәлелсіз еместігін қазақ өлеңдерін ұзақ уақыт ғылыми тұрғыдан тексеріп, көлемді ғылыми еңбектер жазған Б.Уахатов та нақтылай түседі. Қазақ халық өлеңдерін жүйелеу ісінің қалай басталғанын талдап, түсіндіре келе «қазақ өлеңдерін түр-түрге бөліп классификациялауда аталған ғалымдардың бәрінде бірдей белгілі көзқарас болмаған, әркім әртүрлі жолмен өзінше жүйелендігін» айтады. Осы тұрғыда қазақ өлеңдерін классификациялау ісінде орыс өлеңдерін классификациялау принципіне еліктеу барлығын

айтады [12; 66-67]. Орыс фольклорын зерттеуші ғалымдардың халық өлеңдерін жүйелеу, жанрлық жіктеулерінде де талас пікірлер ұшыратады. Белгілі фольклортанушы В.Я.Пропп, С.Г.Лазутин, Н.Колпакова және тағы басқа ғалымдардың халық поэзиясына байланысты түрлерге бөлуі бұны айғақтай түседі. Солай десек те, ғалымдардың жүйелеуі бірін-бірі жоққа шығармай, қайта бірін-бірі толықтыра түседі. Қазақ өлеңдерін М.В.Готовицкийдің эпикалық, лирикалық, драмалық өлеңдер деп жүйелеуі орыс ғалымдарының ізденістеріне сәйкес келеді. Жалпы әлемдік фольклортану ілімінде халық поэзиясын бұлай жүйелеу қалыптасқандығын ғылыми зерттеулер нәтижесінен аңғару қиын емес.

Халық өлеңдеріне қатысты әртүрлі пікірлер түйіні әлеуметтік жағдаяттарға қарай жүйелеуді басты орынға шығарады. Орыс өлеңдеріне қатысты зерттеулер жүргізген профессор В.Я.Пропп біз айтып отырған әлеуметтік мәселелерді халық өлеңдерін жүйелеудің негізгі критерийіне айналдырған. Ол орыс халық өлеңдерін үш топқа бөлген. Олар мыналар: а) салт өлеңдері, б) салтқа қатысы жоқ өлеңдер, с) лирикалық, эпикалық, сатиралық өлеңдер [13; 44-61]. Бұл айтылып отырғандар орыстың халық поэзиясына байланысты екені аян.

Бір ғасырға жуық Кеңес дәуірінің ықпалында болып, ғылым мен білім туралы таным-түсінігіміз сол бағытта болғаны белгілі. Тұтастай түркі халықтарының халық өлеңдері салыстырыла типологиялық, поэтикалық жағынан зерттелген жоқ. Әйтсе де, әр кез, әр шақта «қиядан шауып, қисынын тапқан» ғалымдар балалар фольклорына, эпостық жырларға, халық прозасына қатысты салыстырмалы тексерулер жүргізді.

Халық өлеңдеріне байланысты салыстырмалы зерттеулер көбінесе ескілікті наным-сенімінен туған өлеңдер болып, онда тәңірге, күнге, отқа табынуға қатысты туған өлеңдер негізге алынды. Бүгінгі таңда оқулықтарда «діни ұғымдарға байланысты туған өлеңдер» делінетін дүниелеріміз солар екендігін түсінеміз. Қалай десек те, зерттеуші ғалымдар еңбек-кәсіпшілікке, ескілікті наным-сенім өлеңдері, әдет-ғұрыппен байланысты туған өлеңдердің бәрінде тұрмыс-салт жырлары құрамында қарайтындығы оқулықтар мен бағдарламаларда жазулы тұрғаны шындық әйтсе де, бұның қисынсыз еместігіне қатысты дәлелді пікірлер барлығы мәлім. Кейде халық лирикасын тұрмыс-салт жырлары құрамында қарап, түрлі дәлелдер айтушылар да бар. Бір шындығы мүлде тұрмыс-салт өлеңдерінде лирика ұшыраспайды деуде ұшқары пікір екендігі талассыз. Тұрмыс-салт өлеңдері көбіне көңіл-күйге, адамның ішкі жан-сезіміне қатысты болып келеді. Мұнда да лиризм бар екені түсінікті. Тұрмыс-салт өлеңдерінің арқауы салтты дәріптеп, әдет-ғұрыпты уағыздауға негізделген. Лириканы батырлық, ғашықтық, тарихи жырлар мен діни дастандардан да табуға болады. Жанрлардың бір-бірімен араласуы ауыз әдебиетінде де, жазба әдебиетінде де кездесетін құбылыс. Солай екендігі біз ашқан жаңалық емес. Таза табиғи лириканың болмысы қара өлең, ән өлең, тарихи өлең, хат өлеңдерінде көрінеді. Демек, тұрмыс-салт жырлары халықтың өсіп-өркендеуі, үздіксіз өмір үшін күресте дамып, қалыптасқан шығармалар екендігі анық. Қазақ халық поэзиясының табиғи үлгі-өрнегі тұрмыс-салт жырларынан басталады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей, ч.3.СПб. : Тип. Карла Крайя, 1832., 311 с.
2. ЦГАЛИ, 1883-1884, ф.776, оп. 20, д. №595, л. 18-19.
3. Диваев Ә. Тарту (құрастырған, алғы сөзін және түсініктемелерін жазған Флора Оразиева) – Алматы: - Ана тілі, 1992. – 256 б.
4. «Этнографическое обозрение», кн.III,1889, ст.73.
5. Образцы киргизской поэзии. – Оренбург, 1872. – 294 с.
6. Радлов В.В. Алтын сандық (Құраст., алғы сөз бен түсініктемесін жасаған – С.Қасқабасов, К.Ісләмжанұлы) – Алматы: Ана тілі, 1993. – 256 б.
7. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2-бас., - Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
8. Ғабдуллин М. Қазақ халық ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1974. – 315 б.
9. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш/Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – Б. 137-298.
10. Абылқасымов Б. Телқоңыр. – Алматы: Ғылым, 1993. – 312 б.

11. Әлем. Бірінші жыл шығуы: альманах. – Алматы: Жазушы, 1991. – 496 б.
12. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы: Ғылым, 1974. – 288 б.
13. Пропп В.Я. Фольклор. Литература. История. – Москва: Лабиринт, 2002. – 464 с.

**Уажав Ақбөпе Маратқызы**  
Филология факультетінің 2 курс студенті  
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

*Ғылыми жетекші:  
ф.ғ.д., профессор Б.С.Рахимов*

## ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ АБЫЛАЙ ХАН БЕЙНЕСІ

Қазақ тарихында үш жүздің басын біріктіріп, ерлігі мен қолбасшылығының арқасында атақ-даңққа бөленген, әділ әрі көреген көшбасшылардың бірі - Абылай хан. Оның ерлік істері мен мағыналы өмірі жөнінде бүгінге дейін сақталған тарихи жырлар, аңыздар, өлеңдер мен дастандар т.б. көптеп кездеседі. Абылай тарихы қазақ халқы үшін өте қиын, аса ауыр кезеңмен тұспа-тұс келеді. XVIII ғасырда жоңғар қонтайшылары қазақтың шұрайлы жері Жетісу мен оңтүстіктегі қалаларына көзін тігіп, басып алу сәтін күтіп отырған болатын. Бұл жәйт тарихи жырларда да көрініс табады.

Қазақ тарихи жырларының ішінде әйгілі ханның балалық шағы Абылай атануы билікке араласуы қаһарлы жоңғарларды жеңуі толықтай эпикалық жырдың өзегіне айналған /1, 158-160/. Абылай өміріне қатысты «Абылай хан», «Сабалақ», «Абылай хан әңгімесі», «Абылай туралы жыр», «Қалдан Серен Абылайды тұтқынға алғаны», «Сабалақ – Абылай хан», «Сабалақ» (қисса), «Абылай мен Олжабай», «Сабалақ, Әбілмансұр, Абылай хан», «Абылай хан... Ақ атан» атты жырлар бар. Олардың біршамасы күні кеше ғана жарыққа шығып, халқымен қайта қауышты /2/. Кеңес дәуірінде саясаттың құрбаны болып, “шынжыр балақ, шұбартөс” атанған Абылай бейнесі ел тәуелсіздігі арқылы өз шындығын тапты.

Айтулы ақын, шежіреші Мәшһүр Жүсіп Көпеев те: «Абылай туралы», «Абылай заманында қазақтан шыққан батырлар», «Абылай хан мен Қалдан», «Абылай ханның бір жорығы» тағы сол сияқты аңыз-әңгімелерді бізге жеткізді /3/. Ол жоңғарлардың қазақ жеріне үздіксіз шабуылы кезінде дүниеге келіп, 13 жасқа жеткенде әкесінен айырылады. Үлкен атасы – Абылай, әкесі – Уәлихан. Көркем Уәли Түркістанды билеген сұлтан болған. Оны өзіне адал берілген құлы құтқарып қалады. Бұл жайында жырда былай делінеді:

«Нағашы Қайып ханға барған ауып,  
Тұрып қалды сол жақта тыныштық тауып.  
Жетім-жесір боп қалды Уәли хан,  
Елімен Қайып ханның қалмақ шауып.  
Ақтабан шұбырынды аштық көріп,  
Ел кетті бет-бетімен қайың сауып.  
Жетім бала Әбілмансұр жылайды енді,  
Еліне жетер емес қайта тауып» /4/.

Бұдан кейін жырда Абылайдың Жоңғар ханы Қалдан Цереннің жиені Шарышты өлтірген кезінде 20 жаста болғандығы жайында айтылады:

«Мың жеті жүз отыз бірінші жылы басталыпты,  
Әуелде қазақ, қалмақ қастаныпты.  
Ұлы жүзден Қангелді, Дулат кетіп,  
Ел есе жібермеске күш салыпты.  
Басынан Орта жүздің батыры көп,  
Ұлы жүз жуастықпен бос қалыпты.  
Хабарды Ұлы жүзге жіберген соң,